Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің, корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есебінің, аудиторлық есептің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларының тізімін, сондай-ақ Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржылық есептілік депозитарийін, корпоративтік оқиғалар туралы қор биржасының ақпаратын, қаржылық есептілікті, аудиторлық есепті, акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларының тізімін, жылдың қорытындылары бойынша атқарушы органның мүшелеріне сыйақы берудің жиынтық мөлшері туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыру қағидасын бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы №26 қаулысымен белгіленген тәртіпте және мерзімде жылдың қорытындылары бойынша атқарушы органның мүшелеріне сыйақы берудің жиынтық мөлшері туралы ақпараттың интернет-ресурста орналасуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістер Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийі ақпаратын интернет-ресурста орналастыру және олар пайда болған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржылық есептілік депозитарийін, корпоративтік оқиғалар туралы қор биржасының ақпаратын, қаржылық есептілікті, аудиторлық есепті, акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларының тізімін, жылдың қорытындылары бойынша атқарушы органның мүшелеріне сыйақы берудің жиынтық мөлшері туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыру қағидасын бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы №26 қаулысымен белгіленген тәртіпте бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы эмитентпен бағалы қағаздарды ұстаушылардың мағлұматына жіберіледі.

**Астана қ., 2017 ж.**

## I. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

**1. Облигациялардың осы шығарылымы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.**

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

**1) Облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу датасы және нөмірі:**

01 ақпан 2016 ж., F21.

**2) шығарылым жүзеге асырылатын шеңбердегі облигациялық бағдарламаның көлемі:**

200 000 000 000 (екі жүз миллиард) теңге.

**3) облигациялық бағдарлама шектеріндегі облигация шығарылымының реттік нөмірі:**  
екінші.

**4) облигациялық бағдарлама шектеріндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарламаның шектерінде әрбір шығарылым бойынша жеке):**

▪ **облигация шығарылымын уәкілетті органда тіркеу датасы:**

20 сәуір 2016 ж.

▪ **облигациялар түрі және саны:**

50 000 000 (елу миллион) дана, купондық облигациялар.

▪ **номинал құны бойынша шығарылым көлемі:**

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.

▪ **орналастырылған облигация шығарылымының саны:**

50 000 000 (елу миллион) дана.

**3. облигация шығарылымы туралы мәліметтер:**

**1) облигациялар түрі:**

қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

**2) бір облигацияның номинал құны:**

1 000 (бір мың) теңге, облигациялардың бүкіл айналым мерзіміне тіркелген номинал құны.

**3) Облигациялар саны:**

25 000 000 (жиырма бес миллион) дана.

**4) облигация шығарылымының жалпы көлемі:**

25 000 000 000 (жиырма бес миллиард) теңге.

**5) облигациялар бойынша сыйақылар:**

▪ **облигациялар бойынша сыйақылар мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақылар мөлшерлемесі индексацияланған шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақылар мөлшерлемесін есептеу тәртібі көрсетіледі):**

Эмитентпен сатып алушының ең болмағанда бір өтінімі қанағаттандырылатын купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі облигациялар шығарылымын орналастыру бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес өткізілетін алғашқы сауда-саттықты өткізу қорытындылары бойынша анықталатын болады. Облигациялар айналымының басталу датасы туралы және алғашқы сауда-саттықты өткізу қорытындылары бойынша анықталған купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпарат Эмитенттің интернет-ресурсында ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланатын болады. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде бекітілген болып табылады.

▪ **облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын дата:**

облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялар айналымының басталу датасынан бастап басталады. Сыйақы есептеу облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде жүргізіледі және облигациялар айналымының соңғы күні аяқталады.

▪ **сыйақы төлеу периодтылығы және/немесе облигациялар бойынша сыйақы төлеу даталары:**

| Купондық периодтың реттік нөмірі | Купондық периодтың басталу датасы       | Купондық периодтың аяқталу датасы   | Тізілімді тіркеу датасы             | Сыйақы төлеуді бастау датасы                                          | Сыйақы төлеуді аяқтау датасы                                |
|----------------------------------|-----------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| 1                                | облигациялар айналымының басталу датасы | 25.01.2018                          | 25.01.2018                          | 26.01.2018                                                            | 09.02.2018                                                  |
| 2                                | 26.01.2018                              | 25.07.2018                          | 25.07.2018                          | 26.07.2018                                                            | 09.08.2018                                                  |
| 3                                | 26.07.2018                              | 25.01.2019                          | 25.01.2019                          | 26.01.2019                                                            | 09.02.2019                                                  |
| 4                                | 26.01.2019                              | 25.07.2019                          | 25.07.2019                          | 26.07.2019                                                            | 09.08.2019                                                  |
| 5                                | 26.07.2019                              | 25.01.2020                          | 25.01.2020                          | 26.01.2020                                                            | 09.02.2020                                                  |
| 6                                | 26.01.2020                              | 25.07.2020                          | 25.07.2020                          | 26.07.2020                                                            | 09.08.2020                                                  |
| 7                                | 26.07.2020                              | 25.01.2021                          | 25.01.2021                          | 26.01.2021                                                            | 09.02.2021                                                  |
| 8                                | 26.01.2021                              | 25.07.2021                          | 25.07.2021                          | 26.07.2021                                                            | 09.08.2021                                                  |
| 9                                | 26.07.2021                              | 25.01.2022                          | 25.01.2022                          | 26.01.2022                                                            | 09.02.2022                                                  |
| 10                               | 26.01.2022                              | 25.07.2022                          | 25.07.2022                          | 26.07.2022                                                            | 09.08.2022                                                  |
| 11                               | 26.07.2022                              | 25.01.2023                          | 25.01.2023                          | 26.01.2023                                                            | 09.02.2023                                                  |
| 12                               | 26.01.2023                              | 25.07.2023                          | 25.07.2023                          | 26.07.2023                                                            | 09.08.2023                                                  |
| 13                               | 26.07.2023                              | 25.01.2024                          | 25.01.2024                          | 26.01.2024                                                            | 09.02.2024                                                  |
| 14                               | 26.01.2024                              | 25.07.2024                          | 25.07.2024                          | 26.07.2024                                                            | 09.08.2024                                                  |
| 15                               | 26.07.2024                              | 25.01.2025                          | 25.01.2025                          | 26.01.2025                                                            | 09.02.2025                                                  |
| 16                               | 26.01.2025                              | 25.07.2025                          | 25.07.2025                          | 26.07.2025                                                            | 09.08.2025                                                  |
| 17                               | 26.07.2025                              | 25.01.2026                          | 25.01.2026                          | 26.01.2026                                                            | 09.02.2026                                                  |
| 18                               | 26.01.2026                              | 25.07.2026                          | 25.07.2026                          | 26.07.2026                                                            | 09.08.2026                                                  |
| 19                               | 26.07.2026                              | 25.01.2027                          | 25.01.2027                          | 26.01.2027                                                            | 09.02.2027                                                  |
| 20                               | 26.01.2027                              | облигациялар айналымының соңғы күні | облигациялар айналымының соңғы күні | облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі келесі күнтізбелік күн | Сыйақы төлеу басталған датадан бастап 15-ші күнтізбелік күн |

Соңғы купондық кезең үшін сыйақы төлеу негізгі қарыздың сомасын бірмезгілде өтеу арқылы жүргізіледі.

▪ **облигациялар бойынша сыйақыны төлеу тәртібі және шарттары, облигациялар бойынша алу тәсілі:**

сыйақыны төлеу кезеңі үшін жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушылардың ағымдағы шотына ақша аудару арқылы сыйақыны төлеу теңгемен жүргізіледі.

Облигация ұстаушылардың тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күні басталар алдында (Эмитент тіркеушісі орналасқан жердің уақыты бойынша) тіркеледі. Төлем датасына қарай сыйақы төлеу номинальдық құнның және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі, бірінші және соңғы купондық кезеңдер үшін сыйақы төлеуді қоспағанда, бірінші



купондық кезең үшін бір облигацияға сыйақы төлеу келесі формула бойынша есептеледі:

$$C_1 = N * I * D_1 / 360, \text{ мұнда}$$

$C_1$  – бірінші купондық кезең үшін есептелетін (теңге) бір облигацияға келетін купондық сыйақының мөлшері;

$N$  – бір облигацияның номинал құны (теңге);

$I$  – облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (купон мөлшерлемесі, жылдық процентпен);

$D_1$  – облигациялар айналымының басталу датасынан бастап 2018 жылғы 25 қаңтарға дейінгі күн саны, қоса алғанда, жылына 360 күн және айына 30 күн есебімен есептеледі.

$C_1$  белгісінің дәлдігі үтірден кейін екі белгі деңгейінде белгіленеді.

Соңғы купондық кезең үшін бір облигацияға сыйақы төлеу келесі формула бойынша есептеледі

$$C_n = N * I * D_n / 360, \text{ мұнда}$$

$C_n$  – соңғы купондық кезең үшін есептелетін (теңгемен) бір облигацияға купондық сыйақы төлеу мөлшері;

$N$  – бір облигацияның номинал құны (теңге);

$I$  – облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (купон мөлшерлемесі, жылдық процентпен);

$D_n$  – 2027 жылғы 25 қаңтардан бастап облигациялар айналымының соңғы күнінен дейінгі күндер саны, қоса алғанда, жылына 360 күн және айына 30 күн есебімен есептеледі.

$C_n$  белгісінің дәлдігі үтірден кейін екі белгі деңгейінде белгіленеді.

▪ **облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

облигациялар бойынша сыйақы төлемі айналым мерзімінің бүкіл кезеңінде уақытша база бойынша жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн есебімен жүргізіледі.

**6) Номинал құнды валюта, негізгі қарыз бойынша төлем валютасы және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы:**

Номинал құнды валюта қазақстандық теңге болып табылады.

Барлық төлемдер (сыйақы төлемдері және қарыздың негізгі сомасы) Эмитентпен қолма-қол төлемсіз, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) жүзеге асырылады.

Егер облигациялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақыны төлеу теңгемен жүргізіледі, осындай облигациялар ұстаушының теңгемен банк шоты болуы міндетті болып табылады. Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың банк деректемелерінің болуы міндетті болып табылады.

**7) Облигацияларды орналастырудың басталған датасы және аяқталған датасы:**

облигацияларды орналастырудың басталған датасы айналымның басталған датасы болып табылады.

Облигацияларды орналастырудың аяқталған датасы облигациялар айналымының соңғы күні болып табылады.

**8) Облигациялар айналымының басталған датасы және облигациялар айналымының мерзімі:**

Облигациялар айналымының басталған датасы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттықты өткізу датасы болып табылады.

Облигациялар айналымының мерзімі облигациялар айналымының басталған датасынан бастап 117 айды құрайды.

**9) Облигациялар айналымы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):**

Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы ретінде айналыста болады.

**10) Орналастырылған облигацияларды төлеу тәсілі:**

Облигациялар қолма-қол түрде ақшамен төленеді.

Облигацияларды орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сауда жүйесінде сауда-саттықты жүргізу арқылы жүргізіледі, облигацияларды төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **11) Облигацияларды өтеу тәртібі:**

#### **■ облигацияларды өтеу датасы:**

облигациялар олардың айналымының басталған датасынан бастап 117 ай ішінде өтеледі.

#### **■ облигацияларды өтеу шарттары:**

облигациялар облигациялар айналымының соңғы күні басталар алдындағы жағдай бойынша (Эмитент тіркеушісі орналасқан жердің уақыты бойынша) облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың ағымдағы шотына ақша аудару арқылы, облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күні ішінде соңғы купондық сыйақыны біржолғы төлеу теңгемен облигациялардың номинал құны бойынша өтеледі.

Егер облигациялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, онда облигациялар бойынша төлеу теңгемен жүргізіледі, осындай облигациялар ұстаушының банк шотында теңгенің болуы міндетті болып табылады. Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың банк деректемелерінің болуы міндетті болып табылады.

#### **■ облигацияларды өтеу тәсілі:**

негізгі қарыздың сомасын өтеу және сыйақыны төлеу облигация ұстаушылардың тізіліміндегі деректерге сәйкес облигация ұстаушылардың ағымдағы шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

### **12) Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер аталған құқық облигацияларды шығару туралы Эмитент органының шешімімен қарастырылған болса) аталған құқықты іске асыру тәртібін, шарттарын және мерзімдерін көрсетумен және егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда аталған құқықты іске асыру тәртібі, шарттары және мерзімдері көрсетіледі:**

Эмитент облигациялар айналымының кезеңі ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесінің сатып алу туралы шешімімен анықталатын баға бойынша облигацияларды толықтай немесе ішінара сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Сатып алу ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жүргізіледі.

Эмитент облигация ұстаушыларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімінің қабылданғаны туралы облигация ұстаушылардың өкілдерін хабардар ету арқылы аталған шешімді қабылдау датасынан бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді, сондай-ақ тиісті ақпаратты аталған мерзімде Эмитенттің интернет-ресурсында ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийі интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) орналастыратын болады. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың интернет-ресурсында және Қаржылық есептілік депозитарийі интернет-ресурсында орналастырылған Директорлар кеңесінің сатып алу туралы шешімінің қабылданғаны туралы ақпаратта Эмитенттің облигацияларды сатып алуды жүргізетін датасы және облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын баға көрсетілген болуы тиіс.

Эмитент бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында облигацияларды сатып алуды жүргізген жағдайда, облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатуға ұстаушылардың өтінімін беру тәртібі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарымен реттеледі.

Эмитент бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында облигацияларды сатып алуды жүргізген жағдайда, өздеріне тиесілі облигацияларды Эмитентке сатып алу барысында сатуға ниеттенген облигация ұстаушылар, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың және Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурстарында, сатуға жоспарланған акциялар мөлшерін

және облигация ұстаушылардың байланыс деректерін көрсетіп, Эмитенттің адресіне тиісті жазбаша өтініштер беруі тиіс. Эмитент алынған жазбаша өтініштерді облигация ұстаушылардың жазбаша өтініштерді беруге көзделген кезеңнен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды. Эмитент облигацияларды сатып алуды Эмитенттің облигацияларды сатып алу туралы алынған жазбаша өтініштерді қарауға көзделген кезең өткеннен кейінгі келесі күні облигация ұстаушылардың банк деректемелеріне ақшалай қаражаттарды аудару арқылы жүзеге асырады.

Эмитент сатып алынған облигацияларды қайтадан іске асыра алады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға апармауы тиіс.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Эмитенті орналастырылған облигациялар саны туралы ақпаратты (сатып алынғандарды қоспағанда) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес ашады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдауы облигация ұстаушыларда өздеріне тиесілі облигацияларды Эмитентке сату туралы міндеттемелердің туындауына себеп болмайды.

**13) Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге қамтамасыз етілген облигациялар шығарылғанда):**

Облигациялар қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**14) Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.**

**4. Облигациялар талап ету құқықтарымен қамтамасыз етілмейді.**

**5. Облигациялар айырбасталмайтын болады.**

**6. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:**

**1) облигацияларды ұстаушылардың толық және қысқартылған атауы:**

«Цесна Капитал» акционерлік қоғамы, АО «Цесна Капитал» АҚ.

**2) облигацияларды ұстаушылардың өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары:**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 29;

Телефоны: 8 (7172) 47 25 51, 47 25 52, 47 25 53;

Факсы: 8 (7172) 47 25 51.

**3) Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі:**

Облигацияларды ұстаушылардың өкілінің қызметтер көрсету туралы 2017 жылғы 03 қазандағы №396-ЦА шарты.

**7. Төлем агенті туралы мәліметтер:**

Сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент өз бетімен төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай жүзеге асырады.

**8. Эмитентке «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне облигацияларды қосу және табу жөніндегі консультациялық қызметтерді көрсететін тұлға туралы мәліметтер:**

**1) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне эмитент облигацияларды қосу және табу жөніндегі консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:**

«Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы».

**2) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне эмитент облигацияларын қосу және табу**

**жөніндегі консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары:**

Мекенжайы: А05А1В9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109 «В» үй.

Телефон: +7 727 357 31 77.

Email: [halykfinance@halykfinance.kz](mailto:halykfinance@halykfinance.kz).

**3) Эмитенттің «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне эмитент облигацияларды қосу және табу жөніндегі консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі:**

Қаржы консультанты және андеррайтерінің көрсететін қызметтері туралы 2015 жылғы 16 қазандағы №07-1-02/4 шарт және аталған шартқа 2017 жылғы 31 тамыздағы №1/55-АО қосымша шарт.

**9. Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтары, соның ішінде:**

- осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде облигацияның номиналдық құнын алу құқығы;
- осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде белгіленген сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпке сәйкес Эмитенттің қызметі туралы және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) негізгі қарызды төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әр күніне өсімақы түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) негізгі қарызды төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әр күніне өсімақы түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне (яғни төлем жүзеге асырылатын кезеңнен кейін келетін соңғы күнге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйеніп есептеледі;
- осы проспектіде белгіленген жағдайларда барлық облигацияларды немесе олардың бөлігін төлеп алуға жариялау құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда және тәртіппен облигацияға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» 02.07.2003 ж. № 461-П Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес осы облигацияларды шығару проспектісі белгілеген облигациялардың айналу мерзімі ішінде, Эмитент төмендегі шарттарды сақтауға міндетті:

- 1) Эмитент активтерінің құрамына кіретін, иеліктен шығару күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомадағы мүлікті иеліктен шығармау;
- 2) Эмитенттің облигациялар шығарылымымен байланысты емес міндеттемелерді облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне осы Эмитент активтерінің жалпы құнынан он пайызға артық орындамауы фактілеріне жол бермеу;
- 3) Эмитенттің негізгі қызмет түрлерінің өзгеруін көздейтін Эмитенттің құрылтайшылық құжатына өзгерістер енгізбеу.
- 4) Ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу ;

Эмитент жоғарыда аталған шарттарды бұзған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша, жинақталған сыйақыны ескеріп, облигацияларды облигациялардың номиналдық құнына сәйкес баға бойынша сатып алуға міндетті.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» 02.07.2003 ж. № 461-П Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабына сәйкес Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды төмендегі жағдайларда:

1. Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдағанда (№1 жағдай)
2. Тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен «Қазақстан қор биржасы» АҚ Эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдағанда (№2 жағдай);
3. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның

қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда (№3 жағдай) жүргізуі тиіс.

Аталған жағдайлар туындағанда жиналған сыйақыны ескере отырып, Эмитент орналастырылған облигацияларды олардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен немесе қандай шамасы үлкен болып табылатындығына қарай облигациялардың әділетті нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Жоғарыда аталған жағдайлардың біреуі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент облигацияларды ұстаушыларға мұндай факті туралы облигацияларды ұстаушының өкіліне хабарлау арқылы (жоғарыда сипатталған №3 жағдайды қоспағанда), сондай-ақ Эмитенттің ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитариясының ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) интернет-ресурсында хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді, оған:

:

- Эмитенттің облигацияларын сатып алуға апаратын аталған жағдайлардың қайсысының орны бар екендігі туралы ақпарат бар;
- Эмитентке қойылатын талаптары бар айналыста болу тәртібі мен мерзімін қоса алғанда облигацияны ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін болатын әрекеттерін атап көрсету;
- Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпарат қосылады.

Облигациялар ұстаушының, осы тармақта көзделген облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындау фактісі туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жағдайда, Эмитенттің атына өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқығы бар.

Облигациялар ұстаушы, қажет деректемелерді көрсете отырып, өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы еркін түрде өтініш беруі тиіс:

- Заңды тұлғалар үшін: облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі және берілген күні мен берген орган; заңды мекенжайы мен нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;
- Жеке тұлғалар үшін: облигация ұстаушының тегі, аты және, болған жағдайда, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке куәліктің нөмірі және берілген күні мен берген орган; мекенжайы; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды сатып алу туралы бірінші өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитенттің уәкілетті органы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитенттің уәкілетті органының облигацияларды сатып алу туралы шешімі облигациялар ұстаушылардың назарына, оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, облигациялар ұстаушы өкіліне тікелей хабарлау арқылы, сондай-ақ Эмитенттің ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитариясының ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) интернет-ресурсында хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді.

Эмитент облигацияларды сатып алуды Эмитенттің уәкілетті органының облигацияларды сатып алу мерзімдері мен тәртібі туралы тиісті шешімі жариялағаннан кейін 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде, бірақ облигациялар ұстаушыдан бірінші жазбаша өтінішті алған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аз болмайтын мерзімде жүзеге асырады.

Облигацияларды сатып алу төлеуге жататын соманы облигациялар ұстаушылардың ағымдық банк шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» 02.07.2003 ж. № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 18-4-баптарында көзделген сатып алуға негіз туындаған жағдайларда, облигацияларды сатып алу рәсімі облигациялар ұстаушылардың берген жазбаша өтініштерінің негізінде жүргізілетін болады. Сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылардың, облигациялар шығару проспектісінде



көрсетілген олардың айналымы мерзімі аяқталған бойда олардың өздеріне тиесілі облигацияларды өтеуге құқықтары бар.

## **10. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар туралы мәліметтер:**

### **1) Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар тізбесі:**

Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы инструменттері бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің кінәсі бойынша купондық сыйақыны және/немесе номиналды құнын төлемеу немесе толық төлемеу дефолт жағдайларына жатады.

### **2) Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитент қабылдайтын шаралар, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:**

Егер осындай орындамау тойтарылмас күш жағдайлары салдарына болса, Эмитент облигациялар бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тойтарылмас күш жағдайлары болып олардың туындауын алдын ала болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.с.) түсініледі. Тойтарылмас күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі, осындай жағдайлар мен олардың зардаптары әрекет ететін уақыт кезеңіне тең шегіндіріледі.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитент облигациялар ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне (төлем жүзеге асырылатын кезеңнен кейін келетін соңғы күнге) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйеніп есептелетін мерзімі өткізілген әр күн үшін өсімақы есептеуге және төлеуге міндетті (яғни, төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні).

Дефолт туындаған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде («Кейінге қалдыру кезеңінде») Эмитенттің тиісті органы барлық облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында,

дефолтты жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуі және бекітуі тиіс, ал Эмитент аталған іс-шаралар жоспарына сәйкес дефолтты жою үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға міндетті.

Егер Кейінге қалдыру кезеңі аяқталғаннан кейін Эмитент дефолтты жоймайтын болса, онда Кейінге қалдыру кезеңі аяқталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні Эмитент Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу немесе олардың айналу мерзімі аяқталғаннан кейін облигациялар бойынша талаптар құқығы туралы шешім қабылдауға міндетті. Эмитент Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу немесе олардың айналу мерзімі аяқталғаннан кейін облигациялар бойынша талаптар құқығы туралы шешім облигациялар ұстаушылардың назарына оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні облигациялар ұстаушы өкіліне тікелей хабарлау арқылы, сондай-ақ Эмитенттің ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитариясының ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) интернет-ресурсында хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді. Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі және ақпараттық хабарламада келесі ақпарат болуы тиіс:

1) облигациялар немесе облигациялар бойынша талап құқықтарын ұстаушылар Эмитенттің өздеріне тиесілі облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап құқықтарын сатып алуы туралы жазбаша талаптарды ұсынатын адрес;

2) облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап құқықтарын сатып алу туралы жазбаша талаптарда болуы тиіс мәліметтер тізбесі, соның ішінде, бірақ сатып алуға ұсынылатын облигацияларды шектемей, сатып алу туралы жазбаша талап ұсынған тұлғаның банк шотының деректемелері.

Эмитенттің облигацияларды ұстаушылары немесе облигациялар бойынша талап құқықтарын ұстаушы тұлғалар олардың айналымы мерзімі аяқталғаннан кейін, Эмитент Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімі жарияланған күннен есептелетін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитент адресіне өздеріне тиесілі облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап құқықтарын жинақталған купондық сыйақыны ескеріп, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша сатып алу туралы жазбаша талаптарды жібереді.

Эмитент облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап құқықтарын ұстаушылардан сатып алу туралы жазбаша талаптарды қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ кез келген жағдайда, дефолт басталған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен артық болмайтын мерзімде, жазбаша талап берген тұлғалардан облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап құқықтарын жинақталған купондық сыйақыны ескеріп, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт жағдайының басталуы нәтижесінде Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізу туралы шешім қабылданатын болса, онда аталған қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

**3) Эмитенттің облигациялар ұстаушыларының назарына, құрамына орындалмаған міндеттемелер көлемі, міндеттемелерді орындамау себептері, облигациялар ұстаушылардың өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша болуы мүмкін әрекеттерін атап өту, облигациялар ұстаушылардың Эмитентке, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитент міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға өтініш жасау тәртібі туралы мәліметтер кіретін дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:**

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай мерзім болмағанда, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының листингтік қағидаларында немесе листингтік шарттарында көзделген мерзім ішінде, ал аталған құжаттарда мұндай мерзім болмағанда - дефолт жағдайы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент облигацияны ұстаушыларға осындай факт туралы облигацияны ұстаушының өкілі арқылы хабарлайды, сондай-ақ хабарламаны Эмитенттің ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитариясының ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) интернет-ресурсында хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді. Эмитент жоғарыда аталған хабарламаны өз таңдауы бойынша қосымша өзге бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға құқылы. Дефолт оқиғасы жағдайының туындағаны туралы хабарлама келесі ақпараттан тұрады:

- дефолт фактісі туралы ақпарат;
- Эмитенттің дефолт күніне орындамаған міндеттемелерінің көлемі;
- міндеттемелерді орындамау себептері;
- Эмитентке қойылатын талаптары бар айналыста болу тәртібі мен мерзімін қосқанда, облигацияны ұстаушының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша болуы мүмкін әрекеттерін атап шығу;
- міндеттемелерді қайта құрылымдаудың (ондайды жүргізген кезде) тәртібі мен шарттары;
- Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпарат.

Басқа заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

**4) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитент міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілікті көтеретін тұлғалармен шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі (ондайлар болмаған жағдайда):**

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитент міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілікті көтеретін тұлғалар - жоқ.

# **11. Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар):**

- Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын мемлекеттік емес бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын облигациялар листингі туралы шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу.

## **Шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде Эмитенттің және облигацияларды ұстаушының әрекет ету тәртібі:**

Эмитент бір немесе барлық шектеулер (ковенанттар) бұзылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде («Кейінге қалдыру» кезеңі) барлық бұзушылықтарды жою үшін қолдануға болатын барлық шараларды (тойтарылмас күш жағдайларының салдары болып табылатын жағдайларды қоспағанда) қабылдауға міндетті.

Кейінге қалдыру кезеңі өткен соң Эмитент мұндай бұзушылықтарды жоймаса, онда Кейінге қалдыру кезеңінен кейінгі келесі жұмыс күні Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімі ол шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушының өкіліне хабардар ету, сондай-ақ Эмитенттің интернет-ресурсында ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі мен ақпараттық хабарлама мынадай ақпараттан:

- 1) мекенжай туралы, ол арқылы облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің оларға тиесілі облигацияларды сатып алуы туралы жазбаша талаптарын көрсетеді;
- 2) облигацияларды сатып алуға арналған жазбаша талаптарда болуы тиіс мәліметтер тізбесінен, соның ішінде, бірақ онымен шектеліп қалмай, сатып алуға ұсынылған облигациялардың саны, сатып алу туралы жазбаша талап берген тұлғаның банк шотының деректемелерінен тұруы тиіс.

Эмитенттің облигацияларды ұстаушылары Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімі жарияланған күннен бастап есептелетін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің мекенжайына оларға тиесілі облигацияларды жинақталған купондық сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен сатып алатыны туралы жазбаша талаптарды жолдайды.

Эмитент облигацияларды ұстаушылардан жазбаша талаптарды қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін келетін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ кез-келген жағдайда да бұзушылық орын алған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жазбаша талап берген тұлғалардан облигацияларды сатып алуды жинақталған купондық сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген облигациялардың айналыста болуы мерзімі аяқталған соң оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқылы.

## **12. Опциондар туралы ақпарат:**

Опциондар көзделмеген.

## **13. Эмитенттің ақшалай қаражат көзі мен ағыны туралы болжам:**

Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі сыйақыны төлеудің әрбір шегінде сыйақы төлеуге және негізгі қарызды өтеуге қажетті ақшалай қаражат көзі мен ағынының болжамы осы Проспектіге 1-қосымшада берілген.

## **14. Облигацияларды орналастырудан түсетін ақшаны пайдалану:**

- 1) Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалану мақсаты мен



**тәртібі:**

Облигацияларды орналастырудан алынған ақша қарыздарды қайта қаржыландыруға жұмсалады.

**2) олар туындаған жағдайда алынған ақшаларды жоспарланған бөлуде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар (мұндай өзгерістерді көрсету арқылы):**

облигацияларды орналастырудан алынған ақшаларды жоспарланған бөлу кезінде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар туындағанда Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен облигациялар шығарылымы проспектісіне тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

**3) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигацияны ұстаушылар өкілінің олармен жасалған шарттарға сәйкес көрсететін қызметтеріне ақы төлеумен байланысты шығыстар көрсетіледі:**

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**15. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.**

**Қаржы жөніндегі вице-президент**

**Мадиев Ж.Х.**

**Бас бухгалтер**

**Абилова Н.Х.**

**1-қосымша. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі сыйақы төлеудің әрбір шегінде сыйақы төлеуге және негізгі борышты өтеуге қажетті ақшалай қаражат көзі мен ағынының болжамы.**

| Көрсеткіш-тер                                             | 2017 г.       | 2018 г.       | 2019 г.       | 2020 г.       | 2021 г.       | 2022 г.       | 2023 г.       | 2024 г.       | 2025 г.       | 2026 г.       | 2027 г.       |
|-----------------------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
| Операция-лық қызмет бойынша таза ақшалай қаражат сомасы   | 1 010 721 996 | 1 096 709 976 | 1 240 042 607 | 1 397 163 357 | 1 510 320 370 | 1 554 897 910 | 1 600 812 776 | 1 648 105 088 | 1 696 816 169 | 1 746 988 582 | 1 798 666 168 |
| Инвестиция-лық қызмет бойынша таза ақшалай қаражат түсімі | 101 740 452   | 4 240 100     | 18 263 183    | 159 954 883   | 2 970 045     | 870 516       | 870 517       | 870 518       | 870 519       | 870 520       | 870 521       |
| Қаржы қызметі бойынша таза ақшалай қаражат түсімі         | 207 590 505   | 25 117 835    | 21 323 308    | 3 670 566     | 764 017       | 764 017       | 764 017       | 764 017       | 764 017       | 764 017       | 764 017       |
| Борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан түсетін түсімдер   | 100 000 000   | -             | -             | -             | -             | -             | -             | -             | -             | -             | -             |
| Ақшалай қаражаттар-дың істен шығуы, барлығы               | 1 350 941 961 | 1 129 663 719 | 1 264 875 285 | 1 542 842 869 | 1 471 453 532 | 1 544 476 394 | 1 587 038 944 | 1 628 227 635 | 1 676 120 442 | 1 719 499 770 | 1 792 324 905 |
| Борыштық бағалы қағаздарды өтеу                           | -             | -             | -             | -             | -             | 75 000 000    | -             | -             | -             | 50 000 000    | 25 000 000    |
| Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының өзгерісі     | (30 889 008)  | (3 595 808)   | 14 753 813    | 17 945 937    | 42 600 900    | 12 056 049    | 15 408 365    | 21 511 989    | 22 330 263    | 29 123 349    | 7 975 801     |
| Есептік кезең басындағы ақша қалдығы                      | 48 978 173    | 18 089 165    | 14 493 357    | 29 247 170    | 47 193 107    | 89 794 007    | 101 850 056   | 117 258 421   | 138 770 410   | 161 100 673   | 190 224 022   |
| Есептік кезең соңындағы ақша қалдығы                      | 18 089 165    | 14 493 357    | 29 247 170    | 47 193 107    | 89 794 007    | 101 850 056   | 117 258 421   | 138 770 410   | 161 100 673   | 193 224 022   | 198 199 823   |

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақшалай қаражаттары ағынының болжамы дұрыс және нақты болмауы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық ставкаларының өзгеруін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірілуін қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік істерін қарау нәтижелерін, пайыздық ставкалардың, айырбас бағамының және басқа нарықтық шарттардың өзгеруін қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгеруге жататын болжамдарға, бағалауларға немесе әдістерге байланысты болады.


Эмитент жаңа акпараттың пайда болуынан, алда болатын оқиғалар немесе өзге негіздемелер салдарынан осы проспектіде ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізуге міндетті емес және ниет білдірме.

Пронумеровано и пронумеровано

На 97 листах.

Вице-президент

По финансам АО «НК «КТЖ»



«Қазақстан Республикасының Улттық Банкі»  
Республикалық мемлекеттік мекемесі

*С. Тіркелі*  
ТІРКЕЛІ

2017ж. «17 қапан»